



Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
Мемлекеттік Медицина Университеті

СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМ



Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін- білім. М.Әуезов

Ғылыми зерттеу жұмысын қалай бастау керек?

Өтесін Махмутсұлтанғали


Ақтобе 2018 жыл

Дәріс 2

- **Зерттеуіңіз үшін ғылыми жетекшіні таңдау**
- **Тезис пен мақала бөлімдеріне сипаттама**
 - **Гипотеза жайлы түсінік**

- ***В. Вернадский: «Наше дело правое и сейчас стихийно совпадает с наступлением ноосферы – нового состояния области жизни, биосферы – основы исторического процесса, когда ум человека становится огромной геологической силой».***
- *Науку часто смешивают с знанием. Это грубое недоразумение. Наука есть не только знание, но и сознание, то есть умение пользоваться знанием как следует».*
- *В. Ключевский*

Бастапқы кезде не бірінші?



Ғылыми жетекші

Ғылыми жұмыс тақырыбы

?

Ғылыми жетекшіні таңдаудағы кеңестер

1. Кафедрадан ғылыми жетекші жайлы ақпаратты білу
2. Ғылыми ізденісі жақын ғылыми жетекшіні таңдау;
3. Егер таңдай алмасаңыз өзіңізден үлкен тәжірибелі зерттеушілерден ғылыми жетекші жайлы түгел ақпаратты сұраңыз.

Ғылыми жетекші түрлері

- Ғ.Ж.- бәрін дұрыс жасаймыз,
әрдайым менің бақылауыммен
- Ғ.Ж.- бәрін өзің жасайсың мен
соңында тексеремін

Ғылыми жұмыс жасаудың фазалары

1. **Тақырыпты біріншілік қабылдау** және ғылыми жетекшіні таңдау
2. Жоспарды ұйымдастыру, ғылыми әдебиеттермен жұмысты бастау
3. Жоспарды , концептті және жұмыс құрылымын (ғылыми жетекші көмегімен) қабылдау
4. Әдістерді, мақсатты, міндеттерді... теориялық бөлімін құру
4.1 Ғылыми жетекшіге көрсету
5. Практикалық бөлімдерді (2 және 3) жазу . (бөлімдер зерттеу міндеттерін көрсету керек
6. Нәтижелерді құру (нәтижелер зерттеу мақсатымен сәйкес келуі керек!
Тақырыпты коррекциялау.
7. Ғылыми жетекшінің жұмысты қарауы
8. **Сілтемелер мен әдебиеттер тізімін құру(!!)**. Осыларға көбіне көңіл түседі!
9. Жұмысты қорғауға дайындау. Презентация жасау.
10. Қорғау.

Теориялық бастама – ғылыми
мақаланың негізгі базисы, бірақ оңай
зат емес.

Ғылыми мақала мен тезистер құрастыру

Материалдар

жинау.

Жұмыс жазу үшін ақпарат көздері:

1. Ғылыми жарияланымдар.
2. Сіздің тәжірибеңіз бен зерттеуіңіздің нәтижелері.

Жарияланымдарды қайдан табамыз?

1. Кітапханалар. Электронды кітапханалар!
2. Ғылыми базалар
3. Ашық ғылыми платформалар мен сервистер

Ғылыми мақалалар бар сайттар:

- ✓ elibrary.ru
- ✓ PubMed
- ✓ MedLine plus
- ✓ Elsevier
- ✓ Ebscohost.com
- ✓ Embase
- ✓ The Lancet
- ✓ Brirish medical Journal
- ✓ cyberleninka.ru

Мақалалар және тезистер

Мақала – толыққанды аяқталған жұмыс. Өз құрамында атауы, аннотациясы, кілттік сөздер, мақала мәтіні, әдебиеттер тізімі бар.

Тезистер –кеңейтілген аннотация/сіздің жұмысыңыздың сығындысы. Әрдайым тезистер көлемі шектеулі.

Тезистердің екі түрі болады:

1. Мини-мақалалар
2. Сіздің баяндамаңызға жолдама мәтін.

Әр кезде өз жұмысыңыздың конференциялар мен басылымдардың талаптарына сай болуын қадағалаңыз.

- **Гипотеза** – мәселенің болжамды шешімі. Белгілі амалдармен шешілу мүмкіндігі болуы керек.

Как писать статьи?

1. Барлық материалдарды жинау;
2. Тыныш жер табу;
3. Таңдамалы түрде әдеби шолу өткізу;
4. Журналмен танысу және талдау;
5. Қарапайым тілде жазу;
6. Зерттеу масштабын анықтау:
 - Негіздеу;
 - Мақсаты;
 - Не істелінген еді?;
 - Нәтижелер;
 - Қорытынды.

Құрылымы

Бастамасы

Аннотация

Кіріспе

Бөлімдері:

«Материалдар мен әдістер»

«Нәтижелер»

«Талқылаулар»

Қорытынды

Әдебиеттер тізімі

Мысал: Тезис

- Мурадалиева М.З.
- ФЕТОПЛАЦЕНТАРЛЫҚ ЖЕТІСПЕУШІЛІКТІҢ
- ҰРЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ ӘСЕРІ
- Ғылыми жетекшілері – м.ғ.д., ОПАБюро профессор
- Жумабаева А.Н, ОПАБюро балалар бөлімінің меңгерушісі
- Буркутова Р.Р, м.ғ.к., доцент Калиев А.Р.
- Патологиялық анатомия мен сот медицина кафедрасы
- Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
- медициналық университеті
- Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
- **Өзектілігі.** Плацента-ана-ұрық жүйесінің патологиясын зерттеу
- шала туылуы мен балалар өлімінің себептерін анықтауда
- маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Қазіргі таңда
- репродуктивті жастағы әйелдердің денсаулық көрсеткіштерінің
- төмендеуі мен плацентаның патологиясының асқынуымен
- сипатталатын сәбилер өлімінің көрсеткішінің жоғарылауы
- байқалады. [1,2]

- **Зерттеу мақсаты.** Әр түрлі гестациялық мерзімдегі
- плацентаның морфологиялық түрлерін анықтау.
- **Материалдар мен зерттеу әдістері.** Зерттеу дизайны:
- клиникалық зерттеу, обсервациялық,
- сипаттамалық, ретроспективті анализ (2017 жылғы ОПАБюро
- балалар бөлімінің мұрағат материалдары). Зерттеу әдісі ретінде
- аутопсия хаттамаларын анализдеу, плацентаны гистологиялық
- зерттеу алынды. Алынған материалдар Г-Э боялды.

- **Нәтижелері мен талқылаулар.** Біз 168 өлі туылған сәбилердің
- аутопсиялық хаттамаларын және олардың плацентасының
- морфологиясын зерттедік. Анализде алғаш босанушы әйелдер
- барлық босанушылардың 18,5%, қайталап босанушы 20,2%, көп
- босанушы 61,3% құрады. Жүкті әйелдер анамнезінен анықталды:
- анемия мен инфекциялық аурулар, гестациялық гипертензия -
- 6%; соматикалық аурулары - 10%, преэклампсия мен эклампсия -
- 14%, 23% - ҚОПУБА. Өкінішке орай, аутопсия хаттамаларының
- нәтижесі бойынша 35% жағдайда жүкті әйелдің анамнезі толық
- көрсетілмеген. Жынысы бойынша ұл балалар - 64%; қыз балалар
- -36% құрады. Гестациялық жасы бойынша ұрықтың орташа
- массасы 22-28 апта – $915,0 \pm 131,0$; 29-32 апта – $1347,0 \pm 358,0$; 33-
- 38 апта – $2497,0 \pm 186,0$; 39-41 апта – $3863,0 \pm 428$. Жалпы біздің
- зерттеуде төмен массалы ұрық 49% құрады. Плацентаны
- гистологиялық зерттеу нәтижелерін талдауда 29,1% -
- плацентаның қабынуы; 0,5% - созылмалы компенсирленген
- формалы плацентарлы жетіспеушілік; 8% - созылмалы
- субкомпенсирленген формалы плацентарлы жетіспеушілік; 23,2%
- - созылмалы декомпенсирленген формалы плацентарлы
- жетіспеушілік; 39,2% - созылмалы декомпенсирленген формалы
- плацентарлы жетіспеушілік пен плацентаның қабынуы
- қосарланған жағдай анықталды.


- **Қорытынды.** Біздің зерттеу нәтижелері бойынша плацентарлы
- жетіспеушіліктің декомпенсирленген формасы басым түсті.
- Құрсақішілік дамуда ана-плацента-ұрық жүйесінің байланысын
- үзетін бұл форманың морфологиялық көрінісіне мына
- аталғандар жатады: ишемиялық инфаркт, афункционалды аймақ
- санының көптігі, қан құйылу, склероз және петрификат
- ошақтары.
- **Әдебиеттер тізімі:**
- 1.Милованов А.П. Патология системы мать-плацента-плод. Рук. для врачей, Москва – 2015г, 107-143 бет
- 2.Глуховец В.И, Глуховец Н.Г. Патология последа, С-П, 2016г, 294-322 бет
- 3.Милованова А.П., Захарева О.Ю., варианты патологической незрелости плаценты и его роль в развития плаценты. Архив патологии, журнал вып №5, Москва,2014г, 92-99бет

Халықаралық конференциялар



Проект предоставляет сервисы для мониторинга грантов, конференций, научных вакансий, журналов и научпоп событий, а также возможности для поиска партнеров для научных исследований.

www.science-community.org



Халықаралық конференциялар

Баяндамалар

Ауызша


ар

Стендтік

(постерлік)



*Эмелия Винаградова
Диана Нурман*



Ғылыми конференциялар жайлы қайдан білуге болады?

1. М.Оспанов атындағы БҚММУ СҒҮ әлеуметтік желілері
2. Басқа ЖОО-лар мен кафедралар, СҒҮ-лердің әлеуметтік желілері
3. Факультеттер мен кафедралар, ЖОО-лардың сайттары



Тапсырма

Көрген ғылыми мақалалар
базаларынан әдеби шолу жасап келу



Назарларыңызға
рахмет!